

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ		НАО «Казанский национальный женский педагогический университет»
АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ		ДЕПАРТАМЕНТ ПО АКАДЕМИЧЕСКИМ ВОПРОСАМ
ЕРЕЖЕ		ПОЛОЖЕНИЕ
4 РЕДАКЦИЯСЫ		РЕДАКЦИЯ 4

«БЕКІТІЛДІ»

КеАҚ «Қзақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті»
Басқарма Төрағасы – Ректор
хаттамасы № 8

« 30 » сәуір 2025 жыл

**КеАҚ «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану туралы
ЕРЕЖЕСІ**

П 025 ПРОФНО /ДАВ-25

Тіркеу № 12
Дана № түп нұсқа

Енгізілу уақыты 25.06.2025 ж.
(күні, айы, жылы)

Алматы қаласы, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы.....	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Терминдер мен анықтамалар.....	3
4. Белгілер мен қысқартулар.....	4
5. Формальды және формальды емес оқу нәтижелерін тану тәртібі.....	4
6. Формальды және формальды емес оқу пәндерін қайта есептеу тәртібі.....	7
7. Өзгерістер енгізу	9
8. Келісу, сақтау, тарату	9
Келісу парағы	
Танысу парағы	
Өзгерістерді тіркеу парағы	

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" КеАҚ формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану туралы Ережесі (әрі қарай – Ереже) "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" КеАҚ (әрі қарай - Қоғам) оқу процесін қамтамасыз етуге арналған.

1.2. Ереже формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тануға қойылатын талаптарды белгілейді және Қабылдау Комиссиясы, Тіркеуші Кеңсе, Қоғам институттары орындауға міндетті.

1.3. Ереже формальды емес білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдармен ұсынылған формальды емес оқыту арқылы білім алған ересектердің оқыту нәтижелерін тану тәртібін айқындайды.

1.4. Ереже Қоғамның келесідей білім алушыларына қатысты:

- 1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім базасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін қоғамға қабылданғандар;
 - 2) формальды және формальды емес білім беру шеңберіндегі сертификаттар негізінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ түлектері;
 - 3) бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір БББ-сынан екіншісіне ауысқандар;
 - 4) Қоғамнан оқудан шығарылғаннан кейін қайта оқу курсына қабылданғандар;
 - 5) оқуды жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орындарынан қата оқу курсына қабылданғандар;
 - 6) Қоғамда іске асырылатын БББ-лары шеңберінде формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін растаушы құжаттар.
- 1.5. Ережелер Қоғамның нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және оның талаптарын орындау үшін міндетті болып табылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ереже келесі нормативтік құқықтық актілер негізінде құрастырылды:

- Қазақстан Республикасының (әрі қарай - ҚР) «Білім туралы» заңы (әрі қарай – Заң);
- ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және ҚР Білім Министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығымен бекітілген формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін бекіту қағидалары;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (әрі қарай – Үлгілік қағида).

3.ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Ережеде келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Академиялық кредит	білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;
Білім беру бағдарламасы	оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;
Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS)	білім алушының шетелде алған кредиттерін Қоғамға оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;
Қайта есептеу	алдыңғы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары кәсіптік білім алу кезінде студент өткен оқу пәндері мен практикаларын, білім беру модульдерін, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның қосымша бағдарламаларын, сондай-ақ олар бойынша алынған қорытынды бақылау нәтижелерін және оларды транскриптке көшіруді қайта бағалау;
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушылар зерделеу үшін айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;
Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) Тіркеуші кеңсе	негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға оқу үшін анықталған білім беру бағдарламасы; білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін қызмет;
Оқыту нәтижелері	білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;
Оқыту нәтижелерін тану	білім беру тәжірибесінің нәтижелерін, құзыреттер мен білімдер жиынтығын ресімдеу процесі;
Формальды емес білім беру	оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып, жүргізілетін білім беру түрі.

Тіркеуші кеңсе

білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін қызмет.

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Ережеде келесідей қысқартулар қолданылған:

ААЖ	- Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
АМЖД	- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент
МЖМББС	- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ECTS	- Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі
НҚА	- Нормативтік құқықтық актілер
БББ	- білім беру бағдарламасы
ТК	- тіркеуші кеңсе
ЭҚАЖ	- электронды құжат айналым жүйесі
ПОҚ	- Профессор-оқытушылар құрамы

5. ФОРМАЛЬДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАҢУ ТӘРТІБІ

5.1. Оқу қызметін іске асыру шеңберінде Қоғам МЖМБС және басқа да НҚА негізінде БББ әзірлейді. Білім алушының оқуға түскен жылына сәйкес бекітілген БББ-ның бірқатар пәндері алдыңғы ресми білім беру дипломдары (техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ түлектерінің ресми білім беру шеңберіндегі сертификаттары немесе қосымша ресми білім беру (қайта даярлау курстары) негізінде танылуы мүмкін. Формальды білім беру нәтижелері MINOR, MAJOR шеңберіндегі білім беру бағдарламаларының қосымша модульдерін ескере отырып, оқу пәндерін қайта есептеу рәсімін жүргізумен расталады.

5.2. MINOR, MAJOR шеңберіндегі қосымша модульдерді ескере отырып, ББ бірқатар пәндері біліктілікті арттыру курстарынан және бейресми білім беру шеңберінде оқытудың басқа да нысандарынан өткендігін растайтын куәліктер мен сертификаттар негізінде танылуы мүмкін.

5.3. Пәндерді қайта есептеуге арналған негізгі құжаттар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдары және формальды білім беретін ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдардың құжаттары:

- 1) академиялық анықтама (транскрипт);
- 2) диплом қосымшасымен;
- 3) транскрипт (қайта оқу курсына қабылдау және Қоғамға ауысу кезінде).

5.4. Пәндерді қайта есептеуге арналған негізгі құжаттар формальды емес білім беретін ұйымдар берген құжаттар болып табылады:

- 1) бейресми оқыту арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану туралы еркін нысандағы өтініш;

- 2) жеке куәліктің көшірмесі;
- 3) оқыту нәтижелерін растайтын құжат.

5.5. Формальды емес оқыту нәтижелерін растайтын құжат:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен;

2) ҚР-сының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес қосымша білім беру ұйымдарымен, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттарымен (орталықтарымен), білім беру қызметіне құқығы бар жұмыс берушілер жанындағы оқу орталықтарымен немесе жұмыс берушінің өтінімі бойынша жұмыс берушінің жұмыс орнымен;

3) сұранысқа ие кәсіптер тізбесі бойынша электрондық еңбек биржасымен;

4) халықаралық білім беру платформаларында (Coursera, EdX, FutureLearn, Udacity және т.б.) жаппай ашық онлайн курстармен берілетін сертификат немесе оқуды аяқтау туралы куәлік болып табылады.

Куәліктер мен сертификаттардың көлемі (академиялық кредиттерде және (немесе) сағаттарда) және бағалары көрсетіле отырып, бағдарламаның зерделенген курстарының, оқу пәндерінің (модульдерінің) атаулары көрсетілетін еркін нысаны мен қосымшасы болады.

5.6 Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану үшін Қоғамда институттар бойынша формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады, оның құрамына тиісті институттың директоры, директордың академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары, ТК басшысы, институт маманы, БББ көшбасшысы және ПОҚ кіреді. Хатшының функцияларын институт маманы орындайды.

5.7 Комиссия төрағасы Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Комиссия отырыстарын өткізеді.

5.8 Комиссия білім алушының алдыңғы формальды кәсіптік білім туралы құжаттарының негізінде:

1) оқудың алдыңғы кезеңінде білім алушыларға зерделенген оқу пәндерінің тізбесін (олардың сағаттарының көлемі, бақылау нысаны) дайындықтың тиісті бағыттары үшін бакалавриат пен магистратураның БББ-ларында қамтылған пәндер тізбесімен салыстырады;

2) қайта есептеу туралы шешім қабылдауға болатын пәндердің тізбесін айқындайды;

3) бакалавриат және магистратура пәндері бойынша әрбір білім алушы үшін қайта есептеу ведомосін жасайды, оған бұдан әрі тиісті шешімдер енгізіледі;

4) білім алушыны білім беру процесі басталғанға дейін қайта есептеу және қайта аттестаттау шарттарымен таныстырады;

5) қайта есептелген пәндерді бағалау ведомосінің негізінде ТК қызметкері ААЖ-ға енгізеді.

5.9 Комиссия құжаттарды формальды емес оқыту нәтижелерінің Қоғамның БББ-сындағы оқыту нәтижелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Қарау нәтижелері бойынша формальды және формальды емес оқыту нәтижелерінің білім алушы (тыңдаушы) меңгеретін БББ-сының оқу нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына, бағдарлама көлеміне және бағалауға сәйкестігін міндетті түрде бағалай отырып, еркін нысанда сараптамалық қорытынды жасалады.

5.10 Комиссияның шешімі отырысқа қатысатын комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

5.11 Комиссия хатшысы білім алушының (тыңдаушының) формальды және формальды емес білім алуда меңгерген оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары, олардың атауы, академиялық кредиттердегі және (немесе) сағаттардағы көлемі, бағалары, оқыту нәтижелері қамтылған Комиссияның қайта есептеу туралы шешімін ТК-ге транскриптке енгізу үшін береді.

5.12 Білім алушы қайта есептелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан келесі академиялық кезеңдерде босатылады.

5.13 Қоғамда формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін тану формальды емес білім беру бағдарламасының мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің БББ білім алушысы (тыңдаушысы) меңгеретін оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

5.14 Формальды емес білім беру бағдарламасының мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау оқытудың тұжырымдалған нәтижелерін және салыстырылатын бағдарламалардың құзыреттерін, олардың көлемін (академиялық сағаттарда және (немесе) академиялық кредиттерде), оқыту мақсаттарын, оқу жетістіктерін (білімдерін) бағалауды салыстыру жолымен жүргізіледі.

5.15 Бағдарламалар көлемін салыстыру кезінде БББ бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін 30 академиялық сағат қабылданады.

5.16 Формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану кезінде салыстырымдылықты қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тыңдаушылардың) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделген бейресми (қосымша) білім берудегі білімді, дағдылар мен құзыреттерді бағалау жүйесі қолданылады.

5.6. Оқыту нәтижелері мен формальды емес білім беру құзыреттерін салыстыру бағдарламалардың мазмұнын, олардың мақсаттарын және оқу пәнінің силлабусын немесе білім беру бағдарламасының модулін толық қамтуды зерделеу жолымен жүзеге асырылады.

6. ФОРМАЛЬДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС ОҚУ ПӘНДЕРІН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

6.1 Формальды білім берудегі пәндерді қайта есептеуге емтихан немесе сараланған сынақ қорытынды бақылауы бар пәндер ғана жатады. Қайта есептеу оқу

пәнінің атауы мен оның мазмұны бірдей болған кезде, сондай-ақ оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқыған түлектер үшін сағаттар мен кредиттердің жалпы көлемі сәйкес келген кезде жүргізіледі.

6.2 Алдыңғы білім туралы ұсынылған құжатта сағат көрсетілмеген жағдайларда, пәнді қайта тапсыру туралы шешім әрбір жеке жағдайда жеке қабылданады және бакалавриаттың немесе магистратураның қолданыстағы БББ-на негізделеді.

6.3 Аудиториялық сағаттар немесе кредиттер саны сәйкес келген кезде Қазақстан тарихы бойынша ағымдағы емтиханды (Қазақстан тарихы бойынша міндетті мемлекеттік емтихан енгізілгенге дейін берілген дипломдар үшін) тапсыру қайта есептеуге негіз бола алады.

6.4 Жалпы білім беру блогы және элективті пәндер каталогы бойынша пәндер оқу жүктемесінің көлемі мен олардың сабақтастығы сәйкес келген жағдайда қайта есептелуі мүмкін (яғни, БББ бағытына сәйкес келеді).

6.5 Қоғамның Ғылыми Кеңесінің шешімімен енгізілген пәндер ECTS бірдей немесе үлкен көлемде алдыңғы білім берудің жалпы білім беру (гуманитарлық) блогының мазмұны бойынша сабақтас пәндерімен қайта есептелуі мүмкін.

6.6 Білім алушы пәндерді қайта есептеуден немесе қайта аттестаттаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда ол бакалавриат және магистратура БББ көзделген барлық пәндер бойынша ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаудың барлық түрлерін орындауы тиіс. Транскриптке білім алушының алған қорытынды бағасы қойылады.

6.7 Білім алушылар қайта есептелінген бакалавриат және магистратура БББ пәндерін қайта оқудан босатылады.

6.8 Формальды емес білім беруші болып танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар берген оқуды аяқтау туралы куәліктер мен сертификаттар қарауға жатады. Формальды емес білім беру арқылы бакалавриат немесе магистратура БББ пәндерін өз бетінше меңгерген білім алушылар Комиссияға формальды емес оқыту нәтижелерін тану және академиялық кредиттерді қайта есептеу туралы еркін нысанда өтініш жазады.

6.9 БББ белгілі бір пәні бойынша формальды емес оқыту нәтижелерін тану формальды емес білім беру шеңберінде біліктілікті арттыру курстарының ұзақтығына және оқытудың басқа да нысандарына байланысты болады. Келесідей курстар:

1) қысқа мерзімді, 72 сағатқа дейін - пәндерді қайта есептеу кезінде 1-2 кредитке теңестіріледі;

2) орта мерзімді, 108 сағатқа дейін – пәндерді қайта есептеу кезінде 3 кредитке теңестіріледі;

3) ұзақ, 108 сағаттан артық – пәндерді қайта есептеу кезінде 4 және одан да көп кредитке теңестіріледі.

6.10 Комиссияның міндеттеріне өткізілген құжаттың түпнұсқалығын ресми растау: қорғау дәрежелерінің болуы (су белгілері, ультракүлгін қорғаныс), білім алушының жеке кабинеті арқылы онлайн-курс сертификатын алуды тексеру,

құрылтайшылар арқылы тікелей тексеру (мысалы, ietl TS IDP үшін: IELTS Australia немесе British Council) рәсімдері кіреді.

6.11 Комиссия формальды емес білім беру шеңберінде игерілген оқыту нәтижелерін еуропалық трансферт (аударым) және ECTS жинақтау жүйесі бойынша аударды.

6.12 Комиссияның шешімі Комиссия отырысына қатысушылардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және пәндерді қайта есептеу ведомостары толтырылады.

6.13 Пәндерді қайта есепке алу ведомосін хатшы ТК-ге береді және пәндер ААЖ-ға көшіріледі.

6.14 Пәндер қайта есептелген білім алушы оларды қайта оқудан босатылады.

6.15 Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау кезінде бейресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану рәсімі ұқсас.

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

7.1. Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды ТК басшысы енгізеді және Басқарма Төарағы – Ректормен немесе уәкілетті тұлғамен бекітіледі.

8. КЕЛІСУ, САҚТАУ, ТАРАТУ

8.1. Ережені әзірлеуді ТК басшысы жүзеге асырады.

8.2. Ереже келесі басшылармен келісіледі:

1) институт директорларымен;

2) Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры;










3) заң бөлімі;

4) жетекшілік етеуші проректор.

8.3. Түпнұсқаның қағаз және электрондық нұсқаларын сақтауға және бекітілген Ереженің сканерленген нұсқасын таратуға заң бөлімі жауапты болады.

8.4. Бекітілген Ереженің көшірмесі ТК сақталады.

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

№	Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
1	Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма Мүшесі - Проректор	Е. Жуманкулова		
2	Академиялық мәселелер жөніндегі Департамент директор – Бас регистрары	К.Балажанова		
3	Заң бөлімінің басшысы	М. Маханов		
4	Бухгалтерлік есеп және есептілік Департаментінің директоры	А.Нысанбаева		
5	Экономикалық жоспарлау бөлімінің басшысы	С.Мурат		
6	Педагогика және психология институтының директоры	Г.Оразаева		
7	Филология институтының директоры	К.Ашинова		
8	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институтының директоры	Ж.Аширбекова		
9	Жаратылыстану институтының директоры	Г.Байташева		
10	Физика, математика және цифрлық технологиялар институтының директоры	Г.Салгараева		
11	Тіркеуші кеңсе басшысы	Д.Жарикбаева		

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]